Ресми рецензент заң ғылымдарының кандидаты Алдашев Сарсенгали Мирзалиновичтің «8D04201 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Тұрлыханқызы Құралайдың «Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыскердің кінәлі әрекеттеріне байланысты еңбек шартын бұзу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына жазбаша

ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	«Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыскердің кінәлі әрекеттеріне байланысты еңбек шартын бұзу» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі Тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 1182 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2024-2030 жылдарға арналған Қауіпсіз еңбек Тұжырымдамасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес орындалған. Докторант Тұрлыханқызы Құралайдың ұсынылып отырған жұмысы докторантурада «8D042» - құқық және заң ғылымының тармақтарында 6D030100, 8D04203 – Құқықтану дайындау бағыттарына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға ***елеулі үлесін қосады***/қоспайды, ал оның маңыздылығы ***ашылған***/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының заң ғылымына ***елеулі үлес қосады*** және оның ғылыми маңыздылығы тереңдетіліп ***ашылған***. Ізденушінің жеке үлесі докторанттың жарияланған еңбектерінде заңнаманы

			жетілдіруге қатысты ұсыныстары арқылы көрінеді, бұл ұсыныстар ғылыми нәтижелерді алу барысында расталып, ізденушінің дербес зерттеу жүргізу, талқылау және қорытынды жасау қабілетін көрсетеді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) ***жоғары;*** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докоранттың жарияланған мақалалары негізінде диссертациялық жұмыстың жазылу деңгейі ***жоғары*** деп бағаланады. Диссертанттың ғылыми жұмыстарды жазу стилі өзіне тән, дербес және өзгеше болып табылады. Жұмыс жазу деңгейі жағынан жоғары сапалы, ал оның мазмұнындағы сипатталған мәселелер толық және терең түрде ашылған. Бұл ғылыми зерттеу Қазақстанда алғаш рет ұсынылып отырған жұмыс болып табылады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) ***негізделген;*** 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі заманауи талаптарға сәйкес ***негізделген***. Бүгінде Қазақстандағы еңбек нарығын дамыту жағдайында еңбек қатынастарының тұрақтылығы және жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыскерлердің еңбек шартын негізсіз бұзудан қорғалуы ерекше маңызға ие. Себебі, сот тәжірибесін жалпылауға сәйкес, жұмыскердің кінәлі әрекеттеріне байланысты еңбек шартын бұзу тәжірибесі жиі кездеседі. Осы тұста, жұмыскер жұмыстан босатылған кезде еңбек шартын бұзудың тиісті негіздері мен тәртібін көздейтін еңбек заңнамасы нормаларының сақталу талабы туындайды. Бұл зерттеу еңбек құқығы ғылымына маңызды үлес қосып, болашақта оның дамуына септігін тигізетін ғылыми жұмыстардың бірі болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) ***айқындайды;*** 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Ғылыми жұмыстың мазмұны диссертацияның тақырыбын ***айқындайды***. Жұмыстың негізгі бөлімдерін құрайтын жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу, еңбек тәртібін реттеу, жұмыстан босату туралы еңбек дауларын сотта қарау және шешу ерекшеліктері, еңбек шартын бұзу рәсімдері,

			жұмыскердің кінәлі әрекеттеріне (тәртіптік теріс қылықтары) байланысты жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу тәртібі мен тәртіптік жауапкершілік жауапкершіліктің қағидаттары таңдалған тақырыптың толық ашылуын қамтамасыз етеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) ***сәйкес келеді;*** 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Ғылыми жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертациялық тақырыппен толық ***сәйкес келеді.*** Жұмыс жұмыскердің кінәлі әрекеттеріне байланысты жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзудың теориялық және практикалық аспектілерін кешенді түрде талдау, сондай-ақ жұмыстан босату рәсімінің талаптарын бұзу жағдайында жұмыста қалпына келтіру мәселелері бойынша сот тәжірибесін зерделеу және осы саладағы проблемаларды анықтап, оларды шешуге бағытталған ұсыныстар мен тұжырымдар әзірлеу көзделеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) ***толық байланысқан;*** 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық тұрғыдан ***толық үйлесімді және өзара байланысқан.*** Жұмыс үш негізгі бөлімнен тұрады, олар бір-бірімен терең байланысып, зерттеудің негізгі мақсаттарына қызмет етеді. Автор Қазақстандағы еңбек тәртібін реттеу және тәртіптік жауапкершіліктің еңбек нарығына әсері зерттеліп, жұмыскердің кінәлі әрекеттеріне (тәртіптік теріс қылықтары) байланысты жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу тәртібі мен тәртіптік жауапкершілік мәселелері талданып, жұмыскердің кінәлі әрекеттеріне байланысты жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу мәселесіне қатысты жеке еңбек даулары: тәжірибелік аспектілер мен жетілдіру жолдары айқындалды.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) ***сыни талдау бар;***	Докторант ұсынған жаңа шешімдердің (қағидаттар мен әдістер) көпшілігі дәстүрлі шешімдермен салыстырғанда жақсы негізделген және объективті түрде бағаланады. Диссертация зерттеу тақырыбы аясында теориялық, тәжірибелік және әдіснамалық жетістіктерге егжей-тегжейлі

		2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	талдау жасап, олардың тиімділігін көрсетеді. Осы ғылыми жұмыс еңбек қатынастарын тоқтату негіздері сипатталған халықаралық құжаттарды, еңбек заңнамасын және жұмыскердің кінәлі әрекеттеріне байланысты жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзуға байланысты еңбек істері бойынша сот практикасын қорыту негізде тәжірибе де орын алған мәселелерді теориялық және тәжірибелік тұрғыда ***сыни талдаумен*** еркешеліпеді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) ***толығымен жаңа;*** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар ***толығымен жаңа*** болып табылады. *1-Қағидат.* Қатаң еңбек тәртібі мен жұмыскерлерге қойылатын қысымның еңбек нарығының жалпы жағдайына оң әсер етуі мүмкін деген болжамды қолдайды. *2-Қағидат.* ҚР Еңбек кодексінің 49-бабында «Еңбек қатынастарын тоқтату» атауының болуы орынды, себебі аталған бапта еңбек шартын емес, еңбек қатынастарын тоқтату негіздері көрсетілген. *3-Қағидат.* Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) «Кәсіпкердің бастамасы бойынша еңбек қатынастарын тоқтату туралы» (1982 ж.) №158 Конвенциясын ратификациялау жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзуды құқықтық реттеуді жақсартуға, сондай-ақ жұмыскерлердің құқықтарын қорғауды нығайтуға ықпал ете алады. *4-Қағидат.* Еңбек шартын бұзудың тәртіптік негіздерін дұрыс қолдану жұмыс беруші мен жұмыскердің құқықтары мен мүдделерін қорғаудың тиімді жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. *5-Қағидат.* Бұл стандарт еңбек шартын бұзудың жүйелі және ғылыми негізделген тәсілдерін қамтамасыз етеді, сондай-ақ құқықтық нормалардың сақталуына және еңбек қатынастарының екі тарапының мүдделерін қорғауға кепілдік береді.

			6-Қағидат. Сот практикасы құқық қолдану саласындағы үздік үлгілерді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады және еңбек дауларын шешудің жүйелі тәсілін дамытуға ықпал етеді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) ***толығымен жаңа;*** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары ***толығымен жаңа*** болып табылады. Бұл зерттеу алдыңғы ғылыми жұмыстарға сүйене отырып, жан-жақты аналитикалық база негізінде жаңа идеялар ұсына отырып, жұмыскердің кінәлі әрекеттері негізінде жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу негіздерін теориялық тұрғыда зерттеп, еңбек шартын бұзу рәсімдері аясындағы туындаған мәселелердің жұмыстан босату кезінде жұмыскерлердің еңбек құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға кедергі келтіретін практикалық аспектілерін ашатын және жұмыстан босату талаптарының сақталмауы салдарынан туындайтын еңбек дауларын сотта қарау тәжірибесін жан-жақты талдауға арналған алғашқы кешенді зерттеу болып табылады. Зерттеу нәтижесінде жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу рәсімдерін реттеуді жетілдіруге бағытталған тұжырымдар әзірленіп, ұсынылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) ***толығымен жаңа;*** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	***Толығымен жаңа.*** Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы Қазақстандық еңбек құқығы ғылымында алғаш рет Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын ескере отырып, еңбек шартын бұзу рәсімдері аясындағы туындаған мәселелердің жұмыстан босату кезінде жұмыскерлердің еңбек құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға кедергі келтіретін практикалық аспектілеріне кешенді әрі жүйелі талдау ұсынылғандығында жатыр. Бұл жұмыс аталған тақырып бойынша жасалған алғашқы монографиялық зерттеулердің бірі болып табылады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде	Диссертациялық жұмыстың негізгі барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде ***негізделген.***

		негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары боынша)	Диссертацияның негізгі теориялық идеялары, қорытындылары мен тәжірибелік ұсынымдары ғылыми еңбектер мен нормативтік құжаттардан бастау алады, ғылыми қорытындылар жұмыс мазмұнындағы мәселелерді реттеуге тікелей қатысты құқық қолдану тәжірибесінің нәтижелерін байланыстыратын эмпирикалық деректерін талдаулар негізінде алынған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) ***дәлелденді;*** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) ***жоқ*** 7.3 Жаңа ма? 1) ***ия;*** 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) ***кең*** 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ***ия;*** 2) жоқ	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар жұмыста толықтай ***дәлелденген.*** 1-Қағидат. Қазақстанда тәртіптік жауапкершілікті нығайту және жұмыс берушілердің өкілеттіктерін кеңейту елдегі жұмыссыздықты азайтуға әсер еткенін көрсетеді. Бұл еңбек тәртібін сақтаудың қатаң талаптары мен жұмыстан шығарудың нақты қаупі еңбек өнімділігінің айтарлықтай артуына ықпал ететіндігімен түсіндіріледі. Жұмыс орнындағы қатаң тәртіп жағдайында жұмыскерлер тиімділікті арттыруға талпынады, бұл өз кезегінде кәсіпорындардың экономикалық тұрақтылығын нығайтып, жұмыскерлер санын қысқарту қажеттілігін төмендетеді. 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) ***дәлелденді;*** 7.2 Тривиалды ма? 2) ***жоқ*** 7.3 Жаңа ма? 1) ***ия;*** 7.4 Қолдану деңгейі: 3) ***кең*** 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ***ия;*** 2-Қағидат. ҚР ЕК-нің 49-бабында заң шығарушы «еңбек шартын тоқтату негіздері» жалпы санаты шеңберінде еңбек шартын тоқтату және бұзу негіздерін бір нормада араластырды. Осыған орай, ҚР Еңбек кодексінің 49-бабында

			еңбек қатынастарын тоқтату негіздерін сипаттайтын «Еңбек қатынастарын тоқтату» атауды ұсынады. 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) ***дәлелденді;*** 7.2 Тривиалды ма? 2) ***жоқ*** 7.3 Жаңа ма? 1) ***ия;*** 7.4 Қолдану деңгейі: 3) ***кең*** 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ***ия;*** 3-Қағидат. Халықаралық еңбек ұйымының (бұдан әрі - ХЕҰ) «Кәсіпкердің бастамасы бойынша еңбек қатынастарын тоқтату туралы» (1982 ж.) №158 Конвенциясын Қазақстанның ратификациялауды ұсынады. 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) ***дәлелденді;*** 7.2 Тривиалды ма? 2) ***жоқ*** 7.3 Жаңа ма? 1) ***ия;*** 7.4 Қолдану деңгейі: 3) ***кең*** 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ***ия;*** 4-Қағидат. ҚР Еңбек кодексінің 52-бабындағы негіздерді жүзеге асыру барысында процедуралық кепілдіктерді сақтау қажет, себебі заңнама талаптарын бұзу еңбек дауларының туындауына әкеп соқтыруда. Осыған орай, еңбек шартын бұзудың тәртіптік негіздерін дұрыс қолдану жұмыс беруші мен жұмыскердің құқықтары мен мүдделерін қорғаудың тиімді жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді.

			7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) ***дәлелденді;*** 7.2 Тривиалды ма? 2) ***жоқ*** 7.3 Жаңа ма? 1) ***ия;*** 7.4 Қолдану деңгейі: 3) ***кең*** 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ***ия;*** 5-Қағидат. Жұмыскердің кінәлі әрекеттері болған жағдайда жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу стандарты жұмыс берушінің тәртіптік іс жүргізу, тәртіптік жауапкершілікке тарту мәселесін шешу, сонымен қатар жұмыскердің еңбек қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, еңбек шартын бұзу бойынша дәйекті іс-қимыл алгоритмін қамтиды. Бұл стандарт еңбек шартын бұзудың жүйелі және ғылыми негізделген тәсілдерін қамтамасыз етеді, сондай-ақ құқықтық нормалардың сақталуына және еңбек қатынастарының екі тарапының мүдделерін қорғауға кепілдік береді. 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) ***дәлелденді;*** 7.2 Тривиалды ма? 2) ***жоқ*** 7.3 Жаңа ма? 1) ***ия;*** 7.4 Қолдану деңгейі: 3) ***кең*** 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ***ия;*** 6-Қағидат. Қазақстан контекстінде тәртіптік шаралардың қатаңдығы мен сот жүгінудің жиілігі арасында тікелей

			байланыс орныққанын көруге болады. Тәртіптік істер бойынша сот практикасын талдау сот шешімдері көбінесе компаниялардың персоналды басқару және еңбек тәртібі мәселелерін шешудегі кейінгі тәсілдеріне әсер ететіндігін көрсетеді. Сот практикасы кәсіпорындарда құқық қолдану саласында үлгі ретінде қызмет етеді. 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) ***дәлелденді;*** 7.2 Тривиалды ма? 2) ***жоқ*** 7.3 Жаңа ма? 1) ***ия;*** 7.4 Қолдану деңгейі: 3) ***кең*** 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ***ия;***
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ***ия;*** 2) жоқ	Диссертациялық зерттеуде ғылыми әдістеме жұмыс мазмұнына сәйкес келеді және ***негізделген.*** Бұл зерттеудің әдістемесі зерттеу қызметінің жүйелі және логикалық дәйектілігін қамтамасыз етуде нақты ***жазылған.*** Автормен қойылған мақсат пен міндеттерді шешу үшін зерттеу әдістерінің кешені пайдаланылды: теориялық (зерттеу мәселесі бойынша философиялық, доктриналық монографияларды талдау; ұғымдары зерделеу; ретроспективті, оқиғалық және факторлық талдау, синтездеу); диссертациялық зерттеу барысында жалпы ғылыми әдістер, формальды-құқықтық (догматикалық), әлеуметтік-құқықтық, құқықтық модельдеу әдісі, сондай-ақ құқықтық танымның сыни-құқықтық әдісі әдісмен қатар жеке ғылыми әдістер де қолданылған: логикалық, ресми-құқықтық және т.б.; зерттеудің негізгі әдісі жұмыскердің кінәлі әрекеттеріне байланысты жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу рәсімдерінің елеулі кемшіліктерін анықтау,

			оның ішінде сот рәсімдерінің қолжетімділігін бағалау, жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктерін қамтамасыз ету; сондай-ақ Мониторинг әдісі арқылы сот практикисынан мысалдар жинақтау әдістерін қолданумен еркшелінеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ***ия;*** 2) жоқ	***Ия.*** Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологиялар арқылы ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін, сондай-ақ деректерді өңдеу мен интерпретациялау әдістемелерін пайдалану арқылы алынған. Бұл нәтижелер заманауи технологиялардың қолданылуының тиімділігін көрсетіп, ғылыми жұмыста айқын көрініс тапқан.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ***ия;*** 2) жоқ	***Ия.*** Ғылыми жұмыстағы теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен ***расталған***/ішінара расталған/расталмаған	Ғылыми жұмысты жазу барысында маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен ***расталған***. Ғылыми жұмыстың ерекшелігі зерттеу барысында халықаралық құжаттар мен отандық нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ соңғы жылдардағы отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне сілтемелердің пайдалануында көрініс табады.

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға ***жеткілікті***/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға ***жеткілікті*** болып табылады.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ***ия***; 2) жоқ	***Ия***. Диссертант ұсынған жұмыс теориялық тұрғыдан маңызды болып табылады. Автордың қол жеткізген нәтижелері мен қорытындылары еңбек құқығы ғылымының дамуындағы жаңалықтарды толықтырып, сондай-ақ еңбек құқығының теориясы мен практикасы үшін маңызы бар қолданылатын шаралардың процедуралық кепілдіктері мен пропорционалдылық критерийлерін жетілдіру қажеттілігін негіздей отырып, тәртіптік жауапкершілік тұжырымдамасын әзірлеуге үлес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ***ия***; 2) жоқ	***Ия***. Диссертацияның практикалық маңызы зор, ал алынған нәтижелерді іс жүзінде қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижесінде алынған тұжырымдар мен ұсыныстарды заң шығару және құқық қолдану қызметін оңтайландыруда, ҚР Еңбек кодексіне өзгерістер мен толықтырулар әзірлеу кезінде, мемлекеттік органдар, сот органдарының тиісті актілерді қабылдау кезінде басшылыққа алуға негіз болады. Сонымен қатар, ғылыми әлеуетте зерттеу үшін пайдалануда, жоғары оқу орындарындағы «ҚР Еңбек құқығы» пәнін оқытуда, арнайы курс енгізуде қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) ***толығымен жаңа***; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар ***толығымен жаңа*** болып табылады. Диссертациялық зерттеу нәтижесінде алынған ережелер мен қорытындылар еңбек шартын бұзуға негіз болатын жұмыскердің кінәлі әрекеттерінің мәні мен құқықтық сипатын ашады, бұл қазіргі заманғы заңнама мен сот практикасы контекстінде осындай әрекеттердің критерийлері мен белгілерін нақтылауға мүмкіндік береді. Бұған дейін ғылыми әдебиеттерде қаралмаған ұсыныстар диссертанттың ұсынуымен алғаш рет ғылыми тұрғыдан негізделген.
10.	Жазу және рәсімдеу	Академиялық жазу сапасы:	Академиялық жазу сапасы ***жоғары***.

	сапасы	1) ***жоғары***; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Автор ғылыми стильде сөйлем құрылымының қалыпты тәртібін және тіл нормаларын қатаң сақтаған. Жұмыста орфографиялық және грамматикалық қателіктер байқалмайды. Диссертациялық жұмыстың рәсімделуі іс жүзінде барлық талаптарға сәйкес орындалған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияның мазмұны бойынша ескертулер мен ұсыныстар: 1. Диссертация авторы шетелдік құқықтық ой-пікірлердегі еңбек шартын бұзу негіздерін талдай отырып, өзінің субъективтік сыни немесе қолдайтын ұстанымдарын нақты байқамадық. 2. Диссертациялық жұмыста шетелдік ғылыми дереккөздерге көп сілтемелер жасалғанымен, бұл жұмыс сапасына кері әсерін тигізбейді. Аталған ескертулер диссертациялық зерттеудің мазмұнынан төмендетпейді және ұсынымдық сипатқа ие.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін деңгейін зерделейді)		Диссертацияның негізгі теориялық идеялары, қорытындылары мен тәжірибелік ұсынымдары 25 ғылыми мақалада баяндалған, оның ішінде – 4 мақала - Scopus дерекқорында индекстелетін халықаралық басылымдарда; 4 мақала – комитет ұсынған ғылыми басылымдарда; 8 мақала - халықаралық конференциялар материалдарында, оның ішінде 2 мақала - шетелдік конференциялар материалдарында; 7 мақала - өзге де отандық басылымдарда жарық көрген. Зерттеу нәтижелерін оқу процесіне біріктіру үшін Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің білім беру бағдарламасына «Педагог қызметінің құқықтық негіздері» пәні әзірленді. Сонымен қатар, зерттеу қорытындысы бойынша ҚР «Алматы Диализ Орталығы» ЖШС-нің әкімшілік-кадрлық жұмыс жөніндегі басқарма, қаржы бөлімі, медициналық қызметкерлер құрамына; Жамбыл облысы «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Кәсіби даму институты қызметкерлеріне; Жамбыл политехникалық

			жоғары колледжінің қызметкерлер құрамына «Еңбек шарты: қызметкер мен жұмыс берушінің негізгі құқықтары мен міндеттері» атты бағдарламалық дәрісі дайындалып, іске асырылған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Тұрлыханқызы Құралайдың «8Д04201 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады.

Ресми рецензент:
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу,
еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы,
заң ғылымдарының кандидаты **С.М. Алдашев**

«_____»_____2025 жыл

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
«06» 06 2025 ж.і.г.

«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ «ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ
ӘЛ-ФАРАБИ
БИН 990140001154